

1-тапсырма. Суретке қара.

Төмендегі суреттерге қарап, олардың қандай ортақ тақырыпқа қатысты екенін жаз.



Суреттердегі адамдар немен айналысып жатыр?

2-тапсырма. Сөйлем құрастыр.

Сөздерді біріктіріп, дұрыс сөйлем құрастыр:

1. редактор – мәтін – арналған – мәтінді – өңдеу
2. Word – құжат – теруге – көмектеседі

3-тапсырма. Сәйкестендір.

Төмендегі командаларды мағынасына сәйкестендір:

Команда	Сәйкестендір	Мағынасы
Файл → Создать		Құжатты бірінші рет сақтау
Файл → Сохранить как		Жаңа құжат ашу
Файл → Открыть		Дайын құжатты ашу

4-тапсырма. Қате тап.

Төмендегі мәтінде тыныс белгілері мен бас әріптер қате қойылған. Түзетіп жаз:

мен өнер туралы мәтін теремін бұл өте қызық сабақ

5- тапсырма. Үйренгенінді қолдан.

Word-та төмендегі әрекеттерді орында (дәптерге тек нәтижесін жаз):

1. Жаңа құжат аш.
2. «Өнер» деген тақырып жаз.
3. Екі сөйлемнен тұратын мәтін тер.
4. Құжатты Өнер.docx деп сақта.

6- тапсырма. Артық сөзді тап.

Мәтіндік редакторға қатысы жоқ сөзді сызып таста:

мәтін, сурет, Caps Lock, Home, дәптер, Shift

7- тапсырма. Қызметін жаз.

Shift

.....

Caps Lock


.....

Backspace

.....

8-тапсырма. Өзің құрастыр.

Word терезесінің суретін қарап , төмендегідерді тап та дәптерге жаз:



1. Жұмыс аймағы
2. Таспадағы құралдар
3. Құжат атауы

9- тапсырма. Шығармашылық жұмыс.

«Мен Word-та не жасай аламын?» деген тақырыпқа 3 сөйлем жаз.

.....

.....

.....